

«БЕКІТЕМІН
«Ақмола облысы білім басқармасының
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Бозайғыр ауылының жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ
директоры Шотова Д.С.



Жыныстық қолсұғылмаушылықтың
тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және кәмелетке толмағандарды
қорлаудың алдын алу туралы

жұмыс жоспары

2023 – 2024 оқу жылы

Мақсаты:

1. Мектеп оқушыларының бойында толеранттылықты, адамгершілікті, адам құқығын құрметтеуді қалыптастыру;
2. Оқушыларда адам құқықтары мен қауіпті жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелері туралы адекватты түсініктерді қалыптастыру;
3. Отбасында кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу;

Міндеті:

1. Үйде, мектепте, қоғамдық орындарда балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алу;
2. Мектепте құқықтық кеңістікті қалыптастыру, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың заңды мүдделерінің құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау;
3. Мектепте оқу-тәрбие процесіне қатысушылар үшін қолайлы психологиялық жағдай жасау;
4. Әртүрлі қиын өмірлік жағдайларда олардың білім деңгейін және құзыреттілігін арттыру бойынша ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру;
5. Қоғамда өмір сүруге қабілетті, саналы жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен, денсаулық сақтау, мәдениет, құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық орнату;
6. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыра отырып, жанұяда тұлғааралық жағымды қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал ету;
7. Кәмелетке толмағандардың, олардың ата-аналары мен туыстарының жауапты мінез-құлық дағдыларын дамыту арқылы құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал ету, оның ішінде отбасында;
8. Кәмелетке толмағандардың және олардың ата-аналарының психологиялық құзыреттілік деңгейін арттыру;
9. Балаларға зорлық-зомбылық көрсету жағдайлары анықталған отбасыларға жан-жақты көмек көрсету;

№	Өткізілетін іс- шаралар	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	«Мектепте қауіпсіз кеңістікті қамтамасыз етудегі отбасы мен мектептің рөлі» тақырыбы бойынша алдын алу кеңесі	Қараша	Әлеуметтік педагог Педагог психолог
2	Сынып жетекшілеріне «Отбасындағы қатыгездіктің алдын алу» тақырыбында тәрбие сағаты	Желтоқсан	Сынып жетекшілер
3	Әдістемелік кеңес: «Мектептегі зорлық-зомбылық. Буллинг»	Қаңтар	Сынып жетекшілердің ӘБ
4	Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қамтылатын тақырыптар 5-сынып «Өзіңмен және басқалармен тату өмір сүру» 6-сынып «Бала құқығы» 7-сынып «Зорлық-зомбылықсыз әлем», «Менің қауіпсіз әлемім» 8-сынып «Ер мен әйел әлемі», 9-сынып «Өзіңді қорға»	Қыркүйек мамыр	Сынып жетекшілер
5	«Заңның аясында» «Заңсыздықтың алдын алу күні». «Жасөспірім»	Ақпан	Тарих пәні мұғалімдері Тәрбие ісі меңгерушісі
6	Қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушылардың қиянат жасау жағдайларын анықтау негізіндегі мәселелерді үнемі бақылауда ұстау үшін алдын – алу кеңесін қарастыру	Үнемі	Мектеп әкімшілігі
7	Үйде және мектепте балаларды қорлау жағдайларын анықтау	Үнемі	Мектеп әкімшілігі
8	Оқу үдерісіне қатысушылардың өтініштері мен шағымдарымен жұмыс	Үнемі	Мектеп әкімшілігі
9	Замандастары арасында агрессия көрсететін балалармен, жеткіншектерге қатысты зорлық-зомбылық орын алған отбасылармен жеке жұмыс жүргізу	Үнемі	Сынып жетекші Педагог психолог
10	Отбасында және мектепте	Үнемі	Сынып жеткіші

	зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналарға акеңес беру		Педагог психолог
11	Кәмелетке толмаған оқушылармен жұмыс жасауда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия, кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтардың алдын - алу, қорғаншылық қызметтерімен отбасылық келеңсіздіктердің, балалардың қадағалаусыздығы мен қылмыстың алдын алу бойынша ынтымақтастық орнату	Үнемі	Мектеп әкімшілігі
12	Ата-аналар лекторийі: 1. 5-сынып «Өтпелі кезең жасындағы оқушылардың психофизикалық дамуы мен бейімделуі» 2. 6-сынып «Оқушы тұлғасының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері» 3. 7-сынып «Жасөспірімдік кезеңнің жас ерекшеліктері» 4. 8-сынып «Жасөспірім және ата-ана» 5. 9-сынып «Түсінікті қарым-қатынас негізінде іздеу»	Қыркүйек Мамыр	Педагог психолог

Орынд:

Сауытгова Р.Қ

Хасенова А.Е